

2024 жылғы қаңтар-маусымдағы құрылыс материалдары өндірісі

Қазақстанда құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-маусым ішінде **534,9** млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен **3,9%**-ға төмен (*556,6 млрд. теңге*).

Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-маусымда **92,8%** құрады. Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- кож, минералды мақта (+47,8%);
- отқа төзімді бұйымдар (+12,2%);
- бетоннан жасалған құрастырмалы құрылыс конструкциялары (+8,1%);
- гипсокартон (+3,5%).

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылғы қаңтар-мамыр ішінде 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда **14,4%**-ға ұлғайып, **105,5 млн. АҚШ долларын** құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі **5,1%**-ға төмендеп, **537** мың тоннаны құрады, ал өткен жылдың осы кезеңінде ол 565,7 мың тонна деңгейінде болды. Экспортқа арналған негізгі ТОП-елдер: Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан.

2024 жылғы қаңтар-мамыр ішінде отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты **437,8 млн. АҚШ долларын** құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **4,5%**-ға төмендеді. Заттай мәнде тауарлар көлемі **1 098,9** мың тоннаны құрап, 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда **8,6%**-ға қысқарды. Импортқа арналған негізгі ТОП-елдер: Ресей (41%), Қытай (26,4%) және Өзбекстан (6,1%).

2024 жылғы қаңтар-мамыр ішінде Қазақстан Республикасындағы құрылыс материалдары нарығының көлемі **1 285,6 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл ретте **ОТӨ** үлесіне **65,9%**, импорттық өнімнің үлесіне **34,1%** келеді.

Қаңтар-маусымда өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 14,4%), Қарағанды (9,2%) және Алматы облыстарына (9,1%) тиесілі.

ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

январь-июнь 2024 г.



\$105,5 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 34,1%
отп 65,9%

\$1285,6 МЛН

МЛН


РЫНОК

\$437,8 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ